



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№46/176
15 қараша



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ VII КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУІНЕ ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы сөз басында қонақжайлық танытып, Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке ілтипат білдіріп, Өзербайжанның аталған кеңеске толық мүше ретінде қосылуын тарихи шешім деп бағалады. Сондай-ақ Бакудің жаңа статуста аймақ ынтымақтастығын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосатынына сенім артты.

Президент Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесулері өз тиімділігін дәлелдегенін айтты.

– Қазір Орталық Азия ауқымды трансформация кезеңін өткеріп жатыр. Жабық шекаралар мен оқшауландуың уақыты өтті. Мұны сеніммен айтуға болады. Ортақ күш-жігердің арқасында өңірдің ішкі бірлігі артты. Бұл елдеріміздің дамуына және халықаралық ынтымақтастыққа кеңінен жол ашты. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері өңірдің жаһандық үдерістерде маңызды рөл атқаратынын мойындайды. Сондықтан «Орталық Азия плюс» форматына қызығушылық артып келеді. Бұған биыл негізгі шетелдік серіктестермен өткен саммиттер дәлел бола алады. Менің ойымша, мұндай серіктестіктің басты мақсаты – өңірдегі тұрақтылықты нығайту және орнықты прогресс үшін жағдай жасау, елдеріміз бен халықтарымыздың әл-ауқатын, бақуатты тұрмысын қамтамасыз ету. Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамыған әрі жан-жақты ынтымақтастық пен бейбітшілік орнаған берекелі өңір ретіндегі мәр-

тебесін нығайтуды көздейміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік ықпалдастықтың экономикалық негізін күшейткен толайым табыстарға тоқталды.

– Өндіріс, энергетика, машина жасау, агроөнеркәсіп және басқа да секторларда бірлескен кәсіпорындардың саны көбейіп, ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Сауда кедергілері біртіндеп жойылып, жаңа өткізу бекеттері ашылып, авто, теміржол арқылы байланыс жанданып келеді. Нәтижесінде былтыр өңір ішіндегі сауда-саттық көлемі 11,5 миллиард долларға жетті. Көрсеткішті 20 миллиард долларға дейін жеткізу үшін осы қарқынды сақтау қажет деп ойлаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы перспективті салаларда серпінді жобаларды бірлесе іске қосуды ұсынды. Оның айтуынша, Қазақстан бидайды, майлы дақылдарды, ет-сүт өнімдерін терең өңдеу, мал және органикалық егін шаруашылықтарын дамыту арқылы бұл бағытта тиімді жұмыс атқаруға дайын. Сонымен қатар заманауи қоймалар, логистикалық орталықтар салу, ішкі нарыққа және экспортқа арналған дайын тағам өнімдерін өндіру бағыттарының келешегі зор.

Президенттің пікірінше, халықаралық аренадағы өзгерістер кезеңінде Орталық Азия елдерінің Еуразиядағы негізгі транзиттік торапқа айналуға бірегей мүмкіндігі бар. Мемлекет басшысы елдеріміз тек келісімді әрі үйлесімді әрекет еткенде ғана аймақтың әлеуеті толық ашылатынына сенімді.

– Бір-бірін қайталайтын тексерістерден, шекарадан өту кезіндегі шектен тыс бюрократиялық рәсімдерден арылу үшін Жүкті тасымалдаудың бірыңғай электрондық жүйесін енгізу мәселесін қарастырған жөн. Аймақтың әлеуетін одан әрі нығайту үшін Орталық Азияның көлік жүйесін дамытудың кешенді стратегиясын бірлесіп әзірлеуді ұсынамыз. Шекара маңында қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп хабы кең мүмкіндікке жол ашады. Оны дамыту аясында жоғары технологиялық жобаларды іске қосуға баса назар аударған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар назарын сирек кездесетін металдарды өндіру және өңдеу саласындағы ықпалдастық перспективасына аударды.

– Мемлекеттеріміз әзірге толық барланбаған, бірақ айтарлықтай мол ресурсқа ие. Аймаққа озық технология тарту және инновациялық шешімдерді енгізу ісінде күш біріктіру керек. Қазақстан Астанада Сирек металдарды зерттеу жөніндегі өңірлік орталығын құру бастамасын көтерген болатын. Бұл мекемеде кеніштер мен оны игеру технологиялары туралы өзекті ақпараттарды жинақтап, инвесторларға ұсына аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану нәтижесінде пайда болатын мүмкіндіктерге тоқталды. Президент елімізде ЖИ-ді жан-жақты енгізу шаралары, сондай-ақ өзбек әріптестермен бірге атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

– Жасанды интеллект саласындағы серіктестікті одан әрі дамыту үшін

аталған технологияны қолданудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу керек. Орталық Азия мемлекеттерінде жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану туралы декларацияның жобасын дайындауды ұсынамын. Құжат бірлескен цифрлық жобалар аясында мәлімет алмасқан кезде ашықтықты, сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша, барлық қатысушының құқығы қорғалатынына кепіл болады, – деді ол.

Президенттің айтуынша, өңір үшін су қауіпсіздігі мәселесі аса өзекті.

– Соңғы бес жылда елдеріміз су саясатына қатысты ұстанымдарын жаңғыртты. Су проблематикасының трансшекаралық сипатын ескере отырып, салалық стратегиямызды үйлестіру маңызды деп санаймын. Бұл бір жағынан су үнемдеудің анағұрлым сәтті тәжірибелерін кеңінен тарату үшін қажет. Алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес Орталық Азияның суды пайдалану жөніндегі негіздемелік конвенциясын қабылдауды ойластыруға болады. Мұндай құжат саладағы бірыңғай жұмыс қағидаттарын бекітіп, ықтимал қарама-қайшылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммитімен қатар өтетін Халықаралық Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларының жиынында осы тақырыпқа оралып, ұсыныстарды талқылай аламыз. Сіздер аталған іс-шараларға белсенді қатысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Толығырақ akorda.kz сайтында



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ҚАРЖЫГЕРЛЕР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ



Приозерск қаласында Қаржыгерлер күні мен Ұлттық валюта күніне арналған мерекелік шара өтті.

Шара басында төл теңгеміздің тарихы туралы бейнефильм көрсетілді. Қала әкімі Ахметов Мансур Талғатұлы қаржы саласының мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қаланың экономикалық дамуына қосып отырған еңбегін ерекше атап өтті.

Іс-шара барысында сала қызметкерлері еңбектері үшін арнайы марапаттармен құрметтелді. Ұлттық валюта – теңге күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасы қаржы саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Алғыс хатымен Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әсет Сайранбекұлы Шамшатов марапатталады. Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімінің

бас маманы Алия Каримбаева марапатталады. Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен Баян Макашқызы Нурмағамбетова және Гаухар Кеңесханқызы Ахметова марапатталады. Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен Айгерім Алтайқызы Акжігітова, Динара Сағатқызы Ахатаева, Мира Уразбекқызы Досмуратова, Ажибаева Серіккул Сергеевна және Гүлім Ергалиқызы Аймағамбетова марапатталады.

Марапаттаудан кейін сөз кезегі қалалық мәслихаттың төрағасы Алтай Нәсіпбекұлына, мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Ерболат Болатұлы мен қалалық «Халық банк» бөлімшесінің бастығы Айнұр Несіпбайқызына берілді.

Барша қаржы саласы қызметкерлеріне толағай табыс, зор денсаулық және жаңа жетістіктер тілейміз!

Исатай М.

В ПРИОЗЕРСКЕ ОТМЕЧЕН ДЕНЬ ФИНАНСИСТА



В городе Приозерск прошло праздничное мероприятие, посвященное Дню финансиста и Дню национальной валюты.

Акима города Ахметов Мансур Талғатович поздравил специалистов финансовой сферы с профессиональным праздником и отметил их вклад в экономическое развитие города.

главный специалист отдела экономики и финансов города Приозерск Алия Каримбаева. Почетной грамотой акима города Приозерск был награжден Нурмағамбетова Баян Макашовна и Ахметова Гаухар Кеңесхановна. Айгерім Алтайқызы Акжігітова, Динара Сағатқызы Ахатаева, Мира Уразбекқызы Досмуратова, Ажибаева Серіккул



В ходе мероприятия работники отрасли были отмечены специальными наградами за их добросовестный труд и профессионализм. В честь празднования Дня национальной валюты – теңге Благодарственным письмом Министерства финансов Республики Казахстан за значительный вклад в развитие финансовой сферы Республики Казахстан и безупречную деятельность награжден руководитель отдела экономики и финансов города Приозерск Шамшатов Асет Сайранбекович. Благодарственным письмом акима Карагандинской области награжден

Сергеевна және Гүлім Ергалиқызы Аймағамбетова были награждены Благодарственным письмом акима города Приозерск.

После награждения следующая слова был представлена председателю городского маслихата Алтай Насипбековичу, руководителю управления государственных доходов Ерболат Болатұлы и начальнику городского отделения «Народный банк» Айнұр Айнұр Несіпбайқызы.

Желаем всем работникам финансовой сферы больших успехов, крепкого здоровья и новых достижений!

Исатай М.



ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

«AMANAT» партиясы Приозерск қалалық филиалындағы қоғамдық қабылдау барысында қала тұрғыны Дорохов көшесі 4/2 мекенжайындағы тұрғын үйге қатысты бірқатар мәселелер көтерілген болатын. Атап айтқанда, жаяу жүргіншіге жылу құбырларынан өту мүмкіндігінің қолайсыздығы, жылу компенсаторының төмендігіне байланысты тұрғын үй ауласына жүк көліктерінің өте алмауы және тұрғын үй ауласын абаттандыру жайы айтылды. Аталған мәселе бойынша қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы, №8 сайлау округінің депутаты Талғат Әлімжанұлы,

сондай-ақ жауапты мекеме басшысы мен төтенше жағдайлар бөлімінің өкілі бірге барып, жағдаймен танысты. Кездесу барысында мәслихат депутаттары мәселені шешу жолдарын талқылап, бірқатар нақты ұсыныстар айтты. Ауланы абаттандыру бойынша 2026-2028 жылдар аралығында бюджет қарастыруды тапсырылды. Тиісті мекеме басшысына шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берілді. Аталған мәселе Приозерск қалалық мәслихаты депутаттарының тұрақты бақылауында болады.

Приозерск қалалық мәслихаты

ОБРАЩЕНИЕ ЖИТЕЛЕЙ НАХОДИТСЯ В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ ДЕПУТАТОВ




Во время общественного приема в городском филиале партии «AMANAT» житель города поднял ряд вопросов, касающихся жилого дома по адресу улица Дорохова 4/2. В частности, о неудобстве прохода пешеходов из-за теплотрассы, невозможности въезда грузового транспорта во двор вследствие низкого расположения теплового компенсатора, а также о необходимости благоустройства дворовой территории. По данному вопросу председатель городского маслихата Алтай Насипбекович, депутат по избирательному округу №8 Талгат Алимджанович, а также руководитель ответственного учреж-

дения и представитель отдела по чрезвычайным ситуациям выехали на место и ознакомились с ситуацией. В ходе встречи депутаты маслихата обсудили пути решения обозначенных проблем и внесли ряд конкретных предложений. Было поручено предусмотреть финансирование благоустройства двора в бюджете на 2026–2028 годы. Руководителю соответствующего учреждения даны поручения по принятию необходимых мер. Данный вопрос находится на постоянном контроле депутатов Приозерского городского маслихата.

Приозерский городской маслихат

ҒАБДУЛЛИН ҒИБРАТЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ЖАЗУШЫ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ



Қазақ халқының тарихында ел намысы үшін күресіп, Отан қорғауда ерен ерлік көрсеткен тұлғалар аз емес. Солардың ішінде ерлігімен де, білімімен де, адамдық болмысымен де ұлтқа өнеге болған дара тұлға – Кеңес Одағының Батыры, қазақ жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллин. Биыл батырдың туғанына – 110 жыл толып отыр.

Мәлік Ғабдуллин 1915 жылы Ақмола облысы, Зеренді ауданында дүниеге келген. Балалық шағынан-ақ зеректігімен, білімге құштарлығымен ерекшеленген ол кейіннен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп, қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеуге өмірін арнады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәлік Ғабдуллин 8-гвардиялық Панфиловшылар дивизиясының құрамында ерлікпен шайқасты. Ол Мәскеу түбіндегі ұрыстарда көрсеткен қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Батырдың ерлігі, батыл рухы мен жауынгер достарына деген адалдығы ұрпаққа мәңгілік үлгі болып қалды.

Соғыстан кейінгі жылдары Мәлік Ғабдуллин ғылым мен білім саласында үлкен еңбек етті. Ол педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болды. Әдебиет пен фольклор саласында қалдырған еңбектері – ұлттық руханиятымыздың баға жетпес байлығы. «Менің майдандас достарым», «Фольклор және ақындар творчествосы» атты еңбектері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Мәлік Ғабдуллин тек батыр ғана

емес, ұлт жастарының рухани тәлімгері еді. Ол тәрбие мен адамгершілікті, патриоттық сезімді басты құндылық санады. Оның өмір жолы – нағыз ер азаматтың, ғалымның, ұстаздың ғибратты өнегесі.

Осы орайда, 2025 жылдың 11 қараша күні, Кеңес Одағының Батыры, жазушы Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл толуына орай «Ғабдуллин ғибраты» атты әдеби-патриоттық кеш өткізілді. Мақсаты: батырдың отансүйгіштік, ерлік, адамгершілік қасиеттерін үлгі ету. Жастарды елжандылыққа, батырлыққа, ұлт рухын қадірлеуге тәрбиелеу. 06708 әскери бөлім сарбаздарының қатысуымен өткізілген іс-шара барысында кітапханашы батырдың өмірбаянын, соғыс жылдарындағы ерлігін, ғылыми еңбектерін таныстырды. Қатысушылар М. Ғабдуллиннің өз шығармаларынан және ол туралы жазылған естеліктерден үзінділер оқыды. «Ғабдуллин ғибраты» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмедегі материалдармен таныстырылды. Кеш соңында естелік суретке түсті.

Бүгінгі ұрпақ үшін Мәлік Ғабдуллиннің есімі – елге қызмет етудің, ғылымға адалдықтың және батырлықтың символы. Біз осындай тұлғалардың өмірін насихаттау арқылы жас ұрпақты елін сүйуге, жауапкершілікке, табандылыққа тәрбиелейміз.

Ғабдуллин ғибраты – ұлт рухын көтерген өмір мектебі, ел ертеңіне жол сілтер шырақ.

*«Приозерск қалалық кітапханасы»
кмм оқу бөлімінің кітапханашысы
Болысбек Ұ.О*

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНА ЖАРТЫ ЖЫЛДА 200 МЫҢНАН АСТАМ ТУРИСТ КЕЛГЕН



Қарағанды облысында туризм саласы қарқынды дамып келеді. Биыл алты айла аймаққа 200 мыңнан астам турист келді, ал салаға тартылған инвестициялар көлемі 19 млрд теңгеге жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 23 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Бұл туралы өңір әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.

Әкімнің айтуынша, туризм облыстың қызмет көрсету саласындағы негізгі қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру өңірдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға айтарлықтай серпін берген.

Бұқар жырау және Балқаш бағыттарында жаңа нысандар бой көтеріп келеді. Балқашта әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының құралдары арқылы инвесторларға шипажай мен қонақүй салуға арналған екі жер телімі берілген. Сондай-ақ туристік индустриялық аймақ құру жұмыстары басталды. Онда инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған жер учаскесі анықталып, тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Көлік жолы салынып, электр және су желілері тартылған.

Қарағанды – Балқаш автожолы-

ның реконструкциясының аяқталуы қаланың қолжетімділігін арттырып, жаңа индустриялық аймақты инвесторлар үшін тартымды ете түсті. Жақын уақытта Балқаш әуежайының жаңғырту жұмыстары да аяқталады. Нысанның өткізу қабілеті сағатына 80 жолаушыға дейін ұлғайып, әуе қатынасының географиясы кеңейеді.

Туризм үшін тағы бір маңызды бағыт – Қарқаралы. Ондағы «Бұғылы» демалыс аймағында 75 гектар аумақта заманауи туристік кешен салынуда. Қазіргі таңда инженерлік желілер тарту жұмыстары жүріп жатыр.

Облыс орталығында VISIT QARAGANDA туристік ақпарат орталығы ашылды. Ол Қарағанды өңірін ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетуге бағытталған.

— Биыл туризм саласына салынған инвестициялар көлемі 19 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 10,9%-ға артты. Қонақүй және демалыс орындарының саны 13,1%-ға көбейіп, 277 нысанға жетті. Туристер легі де 29,2%-ға өсті — жарты жылда облысқа 200 мыңнан астам адам келді, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСУДЕ

Қарағанды облысы өнеркәсіп саласында тек шикізатқа емес, ғылымға да сүйеніп, жаңа технологияларды белсенді енгізуде. Инвестициялық жобалар саны артып, экспорттық әлеует күшейіп келеді.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысының орынбасары Әлібек Молдакәрімов мәлімдеді.

Оның айтуынша, облыста экспортталатын инновациялық өнім үлесі ұлттық көрсеткіштің 25%-ын құрайды. Өңірде коммерцияландыру орталықтары құрылып, бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді, кәсіпорындар жергілікті университеттер мен ғылыми институттардың әзірлемелерін енгізуге қолдау алады. Мемлекеттік бағдарлама гранттар, субсидиялар, жеңілдетілген несиесі, өнімді сертификаттау шығындарын өтеу және халықаралық көрмелерге қатысу арқылы көмектеседі.

«Ғылым — өндіріс» байланысын нығайту мақсатында облыста ғылым мен технологиялар кеңесі және «Картех» аймақтық хабы құрылды. Хаб қолданбалы әзірлемелерді дамытуға, жаңа жобалар мен стартаптарды қолдауға бағытталған. Қазан айынан бастап жұмыс істеп келе жатқан орталық технологиялық лабораторияларға қолжетімділік беріп, инженерлік жабдықтармен қамтамасыз етеді.

— Хаб жас зерттеушілер мен жаңашылдарды біріктіріп, олардың технологиялық жобаларды жүзеге асыруға қатысуына жағдай жасайды. Тау-кен ісі, көмірхимия, экология

және басқа да салалар бойынша зерттеу жүргізуге арналған лаборатория құрылып жатыр. Сарапшылармен тұрақты кездесулер ұйымдастырылады, — деп атап өтті Әлібек Молдакәрімов.

Өңір кәсіпорындарымен бірлескен салалық хақатондар өткізу жоспарланған. өндірісте үздік шешімдер енгізіледі, бұл кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Өңірдегі іскерлік белсенділік те артып келеді. Он айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар 4%-ға өскен. Қазір 120 инвестициялық жоба бар, олардың жүзеге асуы шамамен 20 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Инвестициялық ағымды жеделдету үшін «Сарыарқа» ЕЭА, Saran индустриалды аймағы және үш шағын өнеркәсіптік аймақ құрылып жатыр. 2030 жылға дейінгі жобалар базасына жүк көліктері, жылу оқшаулағыш материалдар мен клинкер плитка өндірісі енгізілген.

Инвесторлармен жұмыс «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізіледі. Бұл жобаларды барлық кезеңдерде жедел сүйемелдеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау жалғасуда: Біртұтас бағдарлама аясында 91 жоба қаржыландырылып, 96 жоба «Өрлеу» жеңілдетілген несиесін, 73 жоба Кепілдік қорының қолдауын алды. Нәтижесінде өңірдегі кәсіпкерлік субъектілерінің саны 102 мыңға жетті.

Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы

Баспасөз - 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Газетке 6 айға және 12 айға жазылуға болады.

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті

Заңды тұлғалар
үшін

16364 индекс

Жеке тұлғалар
үшін

66363 индекс

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №46/176, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.